



«ПЕДАГОГ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІНЕ КІРМЕЙТІН ОҚЫС ОҚИҒАЛАР ҮШІН АЙЫПТАЛМАЙДЫ» – ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ

Педагог өз құзыретіне кірмейтін оқыс жайттар үшін айыпталудан қорғалады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі Ғани Бейсембаев мәлімдеді.

Министрліктің ақпаратына қарағанда, биылғы оқу жылында ата-аналар комитеттері трансформацияланады. Жаңа мектептер, бірыңғай дизайн-код, жасанды интеллект мәселесі қолға алынып, педагог мәртебесі бекітіледі.

«Педагог өз құзыретіне кірмейтін оқыс оқиғаларға байланысты негізсіз айыптаулардан қорғалуы керек. Бұл – мемлекеттің негізгі ұстанымы. Мұғалімді қорғау арқылы біз балаларды және олардың сапалы білім алуға деген құқығын қорғаймыз», – деді министр.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 2800 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар: 8(7242)
27-85-75; 8-7059827661,
8 777 752 54 63.**

ОҚУШЫЛАР ҮЙІ МЕН ӨНЕР МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституция күні мен Білім күніне орай Шиелі ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» ашылды.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Биыл ел тәуелсіздігінің берік тұғыры, зайырлы егемендігіміздің негізі саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Өңірімізде Президентіміздің тапсырмасын орындауға, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге бағытталған жүйелі жұмыс атқарылуда. Бүгін Өздеріңізбен жаңа оқу жылы

қарсаңында шежірелі Шиеліде 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» ашылуында бас қостық. Жалпы құны 1 млрд. 68 млн. теңге болатын жаңа «Оқушылар үйінде» 28, «Өнер мектебінде» 8 үйірме жас ұрпақтың жан-жақты азамат болып қалыптасуына қызмет етпек.

Білім мен өнердің ордасына айналатын жаңа ғимараттан Қазақстанның Еңбек Ері Асқар

Жұмаділдаев, шежірелі қаламгер Өркен Исмаил, айтыскер акын, «Алтын домбыра» иегері Мейірбек Сұлтанхан сынды Сыр өңірінің мерейін асқақтатып, атын танытатын дарындылар шығады деп сенеміз! Баршаңызды жаңа нысанның ашылуымен тағы да құттықтаймын!», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында елеулі еңбек еткен азаматтар мен жаңа нысанды сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қызметкерлеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің

Алғыс хаты табысталды. Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев ізгі тілектерін жеткізіп, білім саласының ардагері, Шиелі ауданының құрметті азаматы Кенжетай Палмағанбетов бата берді.

Ауданға жұмыс сапары кезінде аймақ басшысы күрделі жөндеуден өткен №219 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің жұмысымен танысты. «СК и Монтаж-строй» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын мамыр айында бастап, тамыз айында аяқтатады. Мұнда 200-ге жуық мұғалім қызмет етіп, 1 мыңнан астам оқушы білім алады.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ



Облыста жылу беру маусымы қарсаңында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрттің алдын алу және газдан улану жағдайларын болдырмау бағытында кешенді шаралар атқарылып келеді. Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік осал отбасылардың үйлеріне арнайы датчиктер орнату қолға алынууда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Асхат Оразбеков баяндады.

Жылу беру маусымында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауқымды профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды. Әр сенбі күні Департамент пен Полиция департаменті қызметкерлері және еріктілерден құралған 200-ге жуық маман рейдтік шараларға шығып, тұрғындармен кездесулер өткізді. Нәтижесінде 82 мыңнан астам үй қамтылып, өрт қауіпсіздігі ережелері мен газ және пеш жабдықтарын

пайдалану тәртібі кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында 288 ашық сабақ өткізіліп, 16 мыңнан аса оқушы қамтылды. Балаларға қауіпсіздік дағдыларын үйрету үшін өрт сөндіру бөлімдеріне 70-тен аса экскурсия ұйымдастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде 3 мыңнан астам материал жарияланып, халық арасында кең көлемде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік осал топтағы 6 825 отбасының қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл мақсатта жергілікті бюджет қаражаты есебінен 484 дана газды анықтайтын арнайы датчик сатып алынды. Алдағы уақытта оларды орнату жұмыстары жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда облыс көлемінде «Өрт қауіпсіздігі айлығы» жарияланып, аулаларды аралау, тұрғындармен кездесулер мен түсіндірме шаралары тұрақты түрде жалғасуда. Алдағы кезеңде де бұл жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты назарда болады, - деді Асхат Платулы.

БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков Арал ауданындағы жұмыс сапары барысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан бірқатар құрылыс нысандарымен танысты.

Атап айтқанда, жапсаржай құрылысы, 25 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы, сондай-ақ аурухананың «Кардиология» және «Инсульт» бөлімшелеріне жүргізіліп жатқан реконструкция жұмыстарының барысын бақылап, тексерді.

Сапар барысында басқарма басшысы құрылыс жұмыстарының сапасы мен белгіленген мерзімде аяқталуына ерекше назар аударып, мердігер компания өкілдеріне нақты тапсырмалар берді.





АЙМАҚ БАСШЫСЫ БІРҚАТАР ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА БАРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарға барды.

Алдымен «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалында болды. Бүгінде әуежайдың өткізу қабілеті 7 есе ұлғайып, мұнда жылына 2 млн жолаушыға қызмет көрсетуі мүмкіндік бар. Жаңа терминал IATA және ICAO халықаралық стандарттарына сай келеді. Әрі қарай аймақ басшысы Сырдария ауданының «Бесарык» ауылына барып, ең алдымен мектеп, дәрігерлік амбулатория және спорттық-сауықтыру кешенінің жұмысымен танысты. Мұнан бөлек, «Ауыл аманаты» бағдарламасының орындалу барысын көрді. «Абай Дәулет» ЖШС ұйымдастырған алаңда ауыл тұрғындарының 13 бизнес-жобасы жүзеге асуда. Мұнда жартылай фабрикалар, пластикалық ыдыстар, ағаш бұйымдары, тоқыма, кондитерлік өнімдер, сабын және басқа да тауарлар шығаратын цехтар жұмыс істейді. «Бесарықта» жастарды отансүйіштілік пен ізгілікке тәрбиелеуге арналған «Адал адам» тұжырымдамасы енгізілген. Балаларға түрлі үйірмелер ұсынылып, шығармашылық ұжым құрылды.

Келесі бағыт – жаңа жылу-электр орталығының құрылыс алаңы. Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған нысанға түркиялық «Акса энерджи» компаниясы 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйды. Жоба бойынша екі газтурбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы,

екі бу және төрт жылу қазандығы орнатылады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 70%-ы аяқталған. Сонымен қатар бюджет есебінен 15 млрд теңгеге 45 шақырым газ құбыры мен автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды. Құрылыс алаңында 1200-ден астам жұмысшы еңбек етуде, олардың көпшілігі жергілікті тұрғындар.

Жылу-электр орталығын осы жылдың IV тоқсанында іске қосу жоспарланған. Алдымен 1 газ турбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы пайдалануға беріле, қалғаны 2026 жылы қосылады. Жоба іске асқанда өңірдің энергетикалық әлеуеті артады. Аралау кезінде Желтоқсан көшесі бойындағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары да тексерілді. Мұнда «Қызылорда қаласында ТК-28-ден ТК-38-ге дейінгі магистральдық жылу желілерін қайта жаңғырту» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аяқталған соң 15 мың абонент, 49 көпқабатты тұрғын үй және 22 әлеуметтік нысан тұрақты жылумен қамтылады. Құрылыс жұмыстары тамыз-қазан айлары аралығында жүргізіледі.

Сонымен қатар аймақ басшысы «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясының, физика-математика мектеп-интернатының жұмысымен танысты. Одан кейін сол жағалаудағы шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылыс барысын тексерді.

ТАЛҚЫЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының 2026–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы», «2026–2035 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму болжамы», «2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы» заң жобалары, алдағы жылу маусымына дайындық барысы, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Отырыстан кейін көтерілген мәселелер бойынша сала басшыларына жиын өткізіп, тапсырмалар жүктелді.

«Биылғы 7 айдың қорытындысымен өңірімізде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Дегенмен, әлеуметтік-экономикалық дамудың макроқорсеткіштерін орындау бағытындағы жұмыстарды күшейтуіміз қажет. Өңдеу саласында 13,4 пайыздық өсім бар. Ауыл шаруашылығы басқармасы, егін жинау науқанының уақытылы өтуін қамтамасыз етіңіздер. Облыстық құрылыс басқармасы, бюджеттен тыс көздер арқылы салынып жатқан нысандардың есебі, айлық, тоқсандық, жылдық есептемелері статистика органдарына толық ұсынылуы тиіс. Бұл жұмыстар қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп атқарылуы керек. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, жылдық жоспарды



орындау бағытындағы жұмысты ұйымдастырыңыздар. Қалыптасқан жағдай бюджет қаражатын неғұрлым ұтымды әрі нақты мақсаттарға жұмсауды талап етеді. Аймағымыз субвенциялы өңірлер қатарында. Әрбір жобаның қаржыландырылуы аса маңызды. "Бюджет кодексіне" сәйкес заң жобалары алдағы уақытта Парламенттің қарауына ұсынылады. 2026 жылға арналған республикалық бюджетті, үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемін бекіткенде барлық жобамызды қаржыландыруға қол жеткізіміз керек. Облыстық экономика және қаржы басқармасы облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бірлесіп, 1 қазанға дейін өңіріміздің 2026–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму жобамын әкімдіктің қарауына енгізіңіздер. 2026–2028 жылдарға арналған облыстық бюджет жобасын қалыптастыруда заң жобасында көрсетілген бюджет параметрлерінің сақталуын қамтамасыз етіңіздер», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында алдағы жылу маусымына қатысты мәселелер де

қаралып, міндеттер айқындалды. «Алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Облыста мыңнан астам әлеуметтік нысан бар. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жұмыспен қамту басқармалары, нысандардың толығымен дайын болуын қамтамасыз етіңіздер.

Білім мекемелерінің дайындық паспорттарын жаңа оқу жылына дейін, басқа әлеуметтік нысандардың құжатын қыркүйек айының 20-сына дейін алыңыздар.

Облыс тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету өте маңызды. Коммуналдық кәсіпорын басшылары «Қызылорда жылу-электр орталығы», «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы, «Қызылорда су жүйесі», «Сыр суы» филиалы, «ҚазақГаз Аймақ», «Интергаз», «Қызылорда газ тарату» мекемелері барлық жүйе мен нысанды 25 қыркүйекке дейін сақдай сай етіңіздер. Жылу беру маусымы кедергісіз, үздіксіз өтуі керек», - деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, жылу желілерін жаңғыртудың 6 жобасын іске асыруға бюджеттен қаржы бөлінген. Бүгінде жұмыстың 67 пайызы орындалды.



АЙМАҚТА КОММУНАЛДЫҚ ТАРИФТЕР ЖАҢАРТЫЛДЫ

Биыл Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті сумен және жылумен жабдықтау, «Нұра топтық су құбыры» Аралда салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы» қызметтерінің тарифтерін бекітті. Сонымен қатар, өңірде бірыңғай жеткізуші - «Қызылорда электр тарату тораптары» жұмыс істей бастады.

15 мамырдан бастап беру тарифі 31%-ға көтерілді. 23 шілдеден бастап бөлшек баға жеке тұлғалар үшін - 25,47 теңге болып бекітілді. Жарты жылдықта 9 жоспардан тыс тексерулер жүргізіліп, оның 4 бойынша заң бұзушылықтар анықталған. Сонымен бірге, 5 әкімшілік өндірістер қозғалды. Бұл туралы Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Зура Сардарбек баяндады.

- Биылғы бірінші жартыжылдықта коммуналдық салада бірқатар маңызды өзгерістер болды. 2025 жылдан бастап су, жылу, газ және электр энергиясының жаңа тарифтері бекітілді. Тарифтердің қалыптасуында басты мақсат - халыққа қолжетімділікті сақтау және желілердің тозуын азайту. Департамент тарапынан тұтынушылардың құқықтарын қорғау басты назарда. Нәтижесінде артық төленген 193,8 млн теңге халыққа қайтарылуда, жылумен жабдықтау қызметі үшін қайта есеп жүргізіліп, тұтынушыларға 23,9 млн теңге қайтарылды. Сонымен қатар, Ұлттық жоба аясында облыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуға миллиондаған инвестициялар тартылуда. Бұл желілердің тозуын азайтып, сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта да тарифтердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жария тыңдаулар жалғаса береді. Әрбір өтініш заң аясында қаралып, азаматтардың құқықтары қорғалуда», - деді Зура Сардарбекқызы.

ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК КҮШЕЙТІЛДІ

Жаңа оқу жылының басталуымен бірге ең өзекті мәселелердің бірі - балалардың қауіпсіздігі. Басты міндет - оқушылардың мектепке бару және қайту жолындағы амандығын қамтамасыз ету. Биыл облыстағы 339 мектепте 189 288 бала білім алады деп жоспарлануда. Демек, әрбір оқушының жолдағы, мектеп ауласындағы, сондай-ақ мерекелі шаралар кезіндегі қауіпсіздігі күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Полиция департаменті өкілдерінің айтуынша, жаңа оқу жылы қарсаңында ең алдымен жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары күшейтіледі. Бұл туралы ОПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Мейрамбек Манатов пен ОПД Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Нұркен Бақтияров баяндады.

- «Білім күніне» Полиция департаментімен арнайы іс-



шаралар жоспары әзірленіп, барлық жалпы білім беретін оқу орындарында, сондай-ақ, оған іргелес аймақтарда оқушылар арасында келеңсіз жағдайларды, жол көлік оқиғаларды алдын алу және іс-шара барысында қоғамдық қауіпсіздікті сақтау үшін облыс бойынша қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге барлығы – 594 қызметкер және 139 қызметтік автокөліктер жұмылдырылу жоспарланған. Іс-шараға бөлінген қызметкерлерден бөлек, жалпы қала және аудан

орталықтарындағы қоғамдық орындар мен көшелерде, паркте, скверлерде, орталық алаңдарда тәртіпті сақтауға тәулік бойына қосымша қызметкерлер қызмет атқаратын болады. Осы мақсатта, ата-аналар тарапынан балалардың беймезгіл уақытта, яғни сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін ойын-сауық, қоғамдық орындар мен көшелерге шықпауын бақылау керектігін және бастауыш сыныбының, яғни 1-4 сынып оқушыларын сабақтан тек өздеріңіз алып қайтқандарыңыз

абзал екендігін ескертіп өткім келеді», - деді Мұратбек Мейрамбекұлы.

- Департаменттің Әкімшілік полиция басқармасы қызметкерлерімен оқу жылының басталуына байланысты, облысымыздың көше-жол тораптарының бойында орналасқан білім беру ұйымдарының айналасында жол қозғалысын реттейтін техникалық құрылғыларға зерделеу жұмыстары жүргізілді. Анықталған кемшіліктерді қайта қалпына келтіру үшін қала және аудан әкімдеріне 30 хабарлама-ұсыныстар мен 177 нұсқамалар жолданды. Қазіргі таңда 67 дана жол белгілері мен 29 жердің жасанды тегіс-еместік қондырғылары қайта қалпына келтірілсе, жаңадан 72 дана жол белгісі орнатылып, 110 жерде жаяу жүргінші жол үсті таңбалары жаңартылды», - деді Нұркен Пірәліұлы.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ТЫНЫҒУ ЛАГЕРІ САЛЫНУДА

Осы уақытта Қызылорда қаласындағы Президент саябағы қайта жаңғыртудан өтуде. Саябақта жыл он екі ай үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагерінің құрылысы қарқын алған.

Бұл жерде балалардың дария жағалауында серуендеуіне, таза ауамен тыныстауына жағдай жасалады. Лагерь жеткіншектердің бойына күш-қуат жинайтын, көңілін сергітіп, білімін шыңдайтын ерекше орын болмақ. Оған қоса, саябақта Ботаникалық білім беру орталығының (қысқы бақ) ғимараты салынуда. Бақ ішінде Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкада өсетін жасыл желектер егіледі. Бұл жас өрендердің ой-өрісін кеңейтіп, өсімдіктердің



экожүйедегі маңызын түсінуіне мүмкіндік береді. Жасыл екпелерді өсірудің ерекшеліктерін, табиғатты аялауды тәжірибе жүзінде үйренеді. Бұл туралы

«Білім келешегі: Адал азамат, кәсіби маман» атты облыстық тамыз мәслихатында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев атап өтті.

«Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына лагерьді жыл соңына дейін аяқтауды тапсырамын. Балаларымыздың бос уақытын жаңа жайлы саялы орында, қауіпсіз ортада тиімді өткізуіне жағдай жасау мақсатында бірнеше саябақ, аллеялар мен скверлер салынып, қайта жаңғыртудан өтуде», - деді облыс әкімі.

Айта кетейік, балалардың үздіксіз білім алуы үшін өңірдегі «Қамбаш», «Талдысу» лагерлері жыл он екі ай жұмыс істейді. Қажетті қаржысы облыстық бюджеттен қаралған. Оқушылар лагері базасында республикалық, халықаралық олимпиадаларға дайындалып, үздік ұстаздардың тәлімін алып, дәрісін тыңдайды.

«Ел тілегі» ақпарат

100 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Жаңа оқу жылы қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал ауданы Тоқабай ауылындағы 100 орындық мектеп пайдалануға берілді. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын игі бастаманың іске асуымен құттықтады.

«Жаңа оқу жылы қарсаңында Сыр өңірінің шежірелі мекені, топырағына құт дарыған, берекесі мен бірлігі жарасқан айдынды Арал ауданында Өздеріңізбен жүздескенімізге қуаныштымыз. Бүгін Тоқабай елді мекенінде №248 орта мектептің жаңа ғимаратының ашылуына жиналды. Өздеріңіз білетіндей, бұған дейінгі салынған мектеп ғимаратының сапасы сын көтермей, апатты жағдайда деп танылды. Ауыл балалары уақытша әкімдік ғимаратында білім алып келді. Осы жағдайды ескеріп, өткен жылы демеушілік есебінен мектеп ғимаратын қайта салуды қолға алған болатынбыз. Алдымен негізгі оқу корпусының

құрылысын аяқтап, балалардың жайлы жерде білім алуына жағдай жасадық. Бүгін құрылыс толық аяқталып, пайдалануға берудеміз. Аймағымызда әрбір баланың шығармашылықпен, спортпен айналысуына мемлекет тарапынан барлық мүмкіндік жасалуда. 2022 жылдан бері өңірімізде жаңадан 15 мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары» салынды. Қызылордада «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым», «Өнер орталығы», облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатөмөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты бой көтеруде. Нысан алдағы қараша айында пайдалануға беріледі. Соңғы

үш жылда 20 спорт кешені іске қосылды. Биыл тағы 6 спорт кешені келушілерге қызметін бастайды. Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион құрылысы қарқынды жүруде. Алдағы қыркүйек айында ашылады. Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы. Өткен жылдың қазан айында «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп, «Теннис орталығы» ашылды. Биыл «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері табысталды. Қордың демеушілігімен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен орнатылған 80 спорт-ойын алаңы ел игілігіне қызмет етуде. Ізденіс әлемінде білімге деген құлшыныстарыңыз өшпесін, талпыныстарың тоқтамасын! Жаңа оқу жылында шәкірттерге табыс, ұстаздарға

шығармашылық шабыт, ата-аналарға қуаныш тілеймін!», - деді Н. Нәлібаев.

Жиында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Наурызбай Байқадамов, Мұрат Ерғешбаев құттықтауын жеткізіп, қоғам қайраткері Нажмадин Мұсабаев, Білім беру ісінің үздігі, Арал ауданының құрметті азаматы Үргенішбай Қуатов баға берді.

Айта кетейік, облыс бюджеті 823 млрд. теңгеден асып, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Білім беру саласына соңғы үш жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге қаралды. Қайтарылған активтер есебінен 8 млрд. 200 млн. теңгеге 5 мектептің құрылысы қаржыландырылады. Қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында үш жылда 4 «Оқушылар үйі» мен 2 «Өнер мектебі» салынып, зияткер жас ұрпаққа қызмет етуде. 29 тамыз күні Шиелі ауданындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» салтанатты түрде ел игілігіне табысталады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы мамыр айында пайдалануға берілді. Өткен жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының демеушілігімен заманауи «Оқушылар сарайы» ашылды.

Қазіргі таңда қайта жаңғыртылу қолға алынған Президент саябағында жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейтін 300 орындық тынығу лагерьі, Ботаникалық білім беру орталығы салынуда.

«Ел тілегі» ақпарат



АУДАН ӘКІМІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту, егін алқаптарындағы жұмыстардың жай-күйімен танысу мақсатында Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек Ақжар және Дауылкөл ауылдық округтеріне іссапармен барып, бірқатар нысандарды аралады.

Сапар барысында аудан басшысы алдымен Ақжар ауылдық округіндегі «Ораз Ахун ЛТД» ЖШС-нің №1 егіс алқабының жұмыс барысымен танысты. Аталған серіктестік бойынша жалпы 2 192 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Оның ішінде: күріш – 990 га, мақсары – 405 га, бақша – 2 га, құнбағыс – 2 га, жаңа жоңышқа – 625 га, ескі жоңышқа – 388 га.

Мұнан кейін аудан басшысы «Ақжар»шаруа қожалығының №1 егіс алқабына барып, жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты. Мұнда жалпы 1 842 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған: күріш – 840 га, мақсары – 237

га, жаңа жоңышқа – 237 га, ескі жоңышқа – 374 га. Аудан әкімі егіс алқаптарындағы өнім көлемі, су жеткізу инфрақұрылымы бойынша жауапты сала қызметкерлеріне бірқатар тапсырмаларын берді. Сонымен қатар, Дауылкөл ауылдық округіндегі №309 гидробекетке барып, нысанның техникалық жағдайын зерделеді. Сапар барысында су көздерінің тиімді пайдаланылуы және су тапшылығының алдын алу бағытындағы жоспарлар талқыланды.

Сапар қорытындысымен аудан басшысы егін алқабының сапасы мен суармалы жерлерді толық қамту мақсатында жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берді.

«ҚАМҚОРЛЫҚ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Арал қаласындағы «Қамқорлық» оңалту орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы әлеуметтік салада атқарылған жұмыстарға тоқталып, аудан тұрғындарына құттықтауын жеткізді.

«Биыл ел тәуелсіздігінің берік тұғыры, демократиялық құндылықтарымыздың негізі саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Бүгін міне, беріке қарсаңында Өздеріңізбен мерге жерлестеріміздің, балаларымыздың игілігіне қызмет ететін жаңа нысанды ашамыз. Қазіргі таңда ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен тұрғындар денсаулығын сақтауға бағытталған маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда облыстың денсаулық мәселелер шешімін тауып келеді.

Медициналық құрал-жабдықтармен жыл сайын қамтамасыз етудің арқасында жабдықтау деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға артты. Жергілікті бюджеттен 5 млрд. 400

млн. теңгеге 225 жаңа санитарлық автокөлік бір мезетте алынып, елді мекендердегі денсаулық сақтау мекемелеріне табысталды. Арал ауданына 25 автокөлік бөлініп, олар шалғайдағы Жінішкекүм, Құланды, Жаңақұрылыс, Ақбасты, Қарашалаң ауылдары тұрғындарының игілігіне айналды. Халық сұранымына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша, елді мекендерді санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты. Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандар біліктілігін арттыру мәселесі ұдайы назарымызда.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 5 млрд. теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға сирек кездесетін дертке шалдыққан жерлестерімізге қажетті дәрі-дәрмек сатып

алынды. Облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын, республика бойынша 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған қылжымалы медициналық кешен табыстады.

Өздеріңізге белгілі, бүгінге дейін Аралда типтік ғимараттағы аудандық емхана мәселесі шешімін таппай келген. Әр келген сайын осындағы ағайын бұл мәселені қайта-қайта көтеретін. Сіздердің өтініштеріңізбен жаңа емхана салу жөнінде шешім қабылдадық. Облыстық бюджеттен 22 млн теңге бөлініп, ауысымына 250 кешіне арналған емхана салу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Құны 6 млрд 600 млн теңге, жалпы көлемі 8 600 шаршы метр болады.

Емхана құрылысын Арнаулы мемлекеттік қордан қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бүгін ел игілігіне табысталатын жаңа орталық, ондағы дәрігерлер елге адал қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңіліне рауан беріп, халық алғысына бөленеді деп сенеміз», - деді Н. Нәлібаев.

Президент бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірдің барлық

ауданында 28 медициналық нысан салынды. Арал ауданында Тоқабай, Бөген, Қызылжар дәрігерлік амбулаториялары және Көктем ауылында медициналық пункт пайдалануға берілді.

Ұлттық жоба аясында Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған көпбейінді аудандық ауруханалары жанынан қосымша құрылыстар, Арал, Шиелі аудандық ауруханалары жанынан жүкпалы аурулар бөлімшелері салынуда. Жақын күндері Шиелі ауданындағы жұкпалы аурулар бөлімшесі мен аудандық аурухананың қосымша құрылысы пайдалануға беріледі. Қалған 4 нысан жыл соңына дейін табысталады. Жыл басында Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана, Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға арналған аурухана ашылды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда қаласының Баймұрат батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория, Досан елді мекенінде медициналық бекет іске қосылды.

Осылайша ауылдардағы медициналық сауалдары алғашқы көмек көрсету ұйымдарының ғимараттарын нормативке сәйкестендіру мәселесі толығымен шешілді. Қызмет көрсету мүмкіндігі кеңейген жаңа «Қан орталығы» жұмыс атқаруда. Қызылорда қаласында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы жүргізілуде.

Ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Өткен жылдан бері 17 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізіліп, 44 ғимараттың жылу жүйесі газға ауыстырылды. Биыл 7 млрд. 600 млн теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынууда.



НИГЕРИЯЛЫҚТАР БИОНИКАЛЫҚ ҚОЛ ПРОТЕЗІН ЖАСАДЫ



Ubokobong деп аталатын құрылғы затты ұстап, саусақтарды қозғалтуға мүмкіндік береді. Протезді ағайынды Джон мен Убокобонг Аманам ойлап тапқан.

2019 жылы Убокобонг жарылыс салдарынан саусақтарынан айырылып, ағасы оған терісіне сәйкес силикон қолғап жасап берген екен. Кейін олар бұл тәжірибені жетілдіріп, ми импульстерімен жұмыс істейтін бионикалық қол жасап шығарады.

Компания оны халыққа қолжетімді ету үшін мемлекет пен ұйымдардың қолдауын күтуде. Қазірдің өзінде АҚШ, Ұлыбритания, Австралия және Ганадан тапсырыс түскен.

РЕКОРДСМЕН ТОТЫҚҰС

Гиннестің рекордтар кітабына енген Сяогуй атты тотықұс 10 түрлі түсті шағастырмай ажырата алған.

Қытайдың Хэнань провинциясында Сяогуй атты тотықұстың алдына 10 түрлі түсті пластик ыдыс пен сондай түсті шар қойылды. Міндет – әр шарды өзіне сәйкес ыдысқа салу болатын. Тапсырма қиындау үшін шарлар әдейі араластырылды. Соған қарамастан, Сяогуй әр шарды біртіндеп алып, дұрыс ыдысқа орналастырды. Әсіресе, бір-біріне өте ұқсас қызғылт түстерді шағастырмай ажырата алған сәтін көпшілікті таңғалдырды. Нәтижесінде тотықұс 10 түрлі түсті небәрі 33,5 секундта дұрыс сәйкестендіріп шықты.

Сяогуйдің иесі Цинь Фэн оны 2020 жылы балапан кезінде қолға алып, қолмен асыраған. Содан бері екеуінің арасында берік байланыс орнаған. Қожайын құстың түрлі ойыншықтарға, әсіресе түсті шарларға қызығушылығын байқап, оны түстерді ажыратуға үйрете бастаған.



Қазіргі заманғы өндіріс орындары мен құрылыс алаңдарында жұмыс көлемі мен ауырлығы артып келеді. Мұндай жағдайда адамның физикалық күшіне ғана сену жеткіліксіз. Осындай күрделі әрі ауқымды жұмыстарды атқаруда жүк көтергіш механизмдердің маңызы зор. Бұл механизмдер – еңбек өнімділігін арттырушы, адам өмірі мен қауіпсіздігін сақтаушы негізгі құралдардың бірі.

Жүк көтергіш механизмдердің тарихына қысқаша шолу

Жүк көтергіш құралдар адамзат тарихында ежелден қолданылып келе жатыр. Ежелгі Египет пирамидаларын салу кезінде ағаш шығырлар мен рычагтар пайдаланылғаны белгілі. Уақыт өте келе бұл құрылғылар дамып, темірден жасалатын күрделі механизмдерге айналды. XX ғасырда бу мен электр энергиясының пайда болуы жүк көтергіш техникалардың жана дәуірін бастады. Бүгінгі таңда бұл құрылғылар заманауи технологиялармен жабдықталып, толықтай автоматтандырылған жүйелерге айналып отыр.

Жүк көтергіш механизмдердің негізгі түрлері

Механизмдердің түрлері олардың құрылымына, жұмыс істеу принципіне және қолдану аясына қарай бөлінеді. Төменде жиі қолданылатын бірнеше түрі берілген:

1. Мұнаралы крандар
Бұл құрылғылар көпқабатты ғимараттарды салу кезінде кеңінен қолданылады. Олар жүкті биікке көтеруге мүмкіндік береді. Жүктің салмағына, биіктігіне

ЖҮК КӨТЕРГІШ МЕХАНИЗМДЕР: ӨНДІРІСТІҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ



қарай кранның түрі мен қуаты таңдалады.

2. Гусеницалы және дөңгелекті крандар

Жол құрылысында және ауыр техникамен жұмыс істейтін кәсіпорындарда пайдаланылады. Олардың қозғалыс икемділігі жоғары.

3. Автокрандар
Жол бойында, төтенше жағдайлар кезінде, мобильділік қажет болған жағдайда таптырмас көмекші. Жүк көтеру қабілеті 10 тоннадан 100 тоннаға дейін жетеді.

4. Көтергіш платформалар (лифтілер)
Адамдар мен жүктерді

жоғарыға немесе төменге көтеру үшін қолданылады. Қоймаларда, сауда орталықтарында және тұрғын үй кешендерінде кеңінен таралған.

5. Электрлі тальдар мен домкраттар

Жеңіл әрі шағын механизмдер. Көбінесе автосервисстерде, техникалық жөндеу орындарында қолданылады.

Механизмдердің артықшылықтары

Еңбек өнімділігін арттырады – Ауыр жүктерді қысқа уақытта көтеріп, тасымалдауға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етеді – Адам денсаулығына зиян келтірмей, ауыр жұмыстарды автоматты түрде атқарады.

Қаржылық үнемділік – Уақытты, жұмыс күшін және ресурсты үнемдейді.

Жоғары дәлдік – Жүкті нақты орнына орнатуға көмектеседі.

Жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кез келген қателік немесе абайсыздық адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан:

- Құрылғыны тек арнайы оқытылған мамандар басқаруы тиіс;
- Құрылғыны пайдаланар алдында техникалық тексеріс жүргізу қажет;
- Жүктің рұқсат етілген салмағынан асырмау;
- Жұмыс орнында қауіпсіздік белгілерін орнату міндетті;
- Қорғау құралдарын (қасқа, қолғап, арнайы киім) пайдалану қажет.

Қорытынды

Жүк көтергіш механизмдер – заманауи өндірістің, логистиканың және құрылыстың ажырамас бөлігі. Олардың көмегімен адамдар бұрын қол жеткізе алмаған мүмкіндіктерге ие болды. Дегенмен, кез келген техника адам қолымен басқарылады, сондықтан оны сауатты қолдану, күтіп ұстау және қауіпсіздік ережелерін сақтау – басты шарт. Бүгінгі таңда Қазақстанда да жүк көтергіш техника өндірісі мен қызмет көрсету саласы дамып келеді. Бұл – ел экономикасы мен өнеркәсібінің тұрақты дамуына үлкен үлес қосатын маңызды бағыттардың бірі.

Д. СҰЛТАН



МӘМС жүйесінде сақтандырылғандар қатарынан шығып қалмау үшін не істеу керек?

QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

МӘМС жүйесінде сақтандырылғандар қатарынан шығып қалмау үшін не істеу керек?

Сақтандырылдым деп ойлап, емхана табалдырығында тосылғандар аз емес. Кейбір азаматтар МӘМС жүйесіне қате төлем жасап, нәтижесінде мәртебесіз қалып қояды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры осы мәртебеге қатысты ең жиі қойылатын сұрақтар мен туындайтын жағдайларды түсіндіріп береді.

«МӘМС» туралы заңға сәйкес, сақтандырылған мәртебесі өткен немесе алдағы 12 айға төлем жасаған азаматқа беріледі. Соңғысын көбіне осы күнге дейін жүйеге бір де бір рет төлем жасамаған дербес төлеушілер аударады.

«Дербес төлеушілер алдағы бір жылға төлем жасағанда көп қате жібереді. Кейбір азаматтар 12 айдікін бір айға төлеп қояды, жылын дұрыс таңдамайды немесе осы айдан жыл соңына дейін ғана төлеп, сақтандырылған мәртебесін ала алмадым деп хабарласады. Негізгі айы мен жылын дұрыс көрсетіп, 1 жылға жеке-жеке төлеу қажет. Ал басқа мерзімге шатасып төлеп қойса, ақшаны қайтарып ала алады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш жазып, түбіртектерін бірге тапсыруы керек», – дейді Қордың ресми өкілі Забира Оразалиева.

Тағы ескеретін жайт, егер ағымдағы айдың аяқталуына шамалы күндер қалса немесе осы айда медициналық көмекке жүтінуді жоспарламасаңыз, келесі айдан бастап төлем жасаған абзал. Яғни, 2025 жылдың қыркүйек айынан 2026 жылдың тамыз айына дейін төлеп, бір жыл бойы МӘМС аясында емделуге мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, халықтың экономикалық белсенді бөлігі МӘМС үшін төлем жасайды және оның айтарлықтай үлесін жұмыс берушілер мен қызметкерлер құрайды. Осы жерде ескере кететін жайт, жұмыс беруші бір күнгізбелік айдан асатын ақылы еңбек демалысы кезеңінде (мысалы, мұғалімдер) кірісті есептеу кезінде аударымдар мен жарналарды демалыс күндерінің санына тепе-тең есептелген кезеңдер бойынша бөле отырып, бір төлеммен жүргізу қажет. Ал жұмыскер ұзақ мерзімді курсқа кетсе немесе көп уақыт ауырған жағдайда сақтандыру мәртебесін жоғалтпау мақсатында сол айға дербес төлеуші ретінде (АЕК-тің 5%-ы, яғни 4 250 теңге) өздігінен төлеуі керек.

«Сонымен бірге, 2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне қатысудың тұрақтылығын арттыру мақсатында маңызды норма енгізілмек. Бес жыл бойы тұрақты жарна төлеген адам қандай да бір себеппен төлем жасай алмаса, оның мәртебесі бұрынғы 3 айдың орнына 6 айға дейін сақталады, ал МӘМС жүйесіне 5 жылдан кем қатысқан жағдайда, сақтандыру мәртебесі сол 3 айдан аспайды», – деді Оразалиева.

Бұл өзгеріс тұрақты түрде жүйеге қатысып келген, бірақ уақытша қиындыққа тап болған азаматтарды қолдауға мүмкіндік береді. Еске салайық, егер қосымша сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуға қиындықтар туындаса, өз емхананыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Сонымен бірге, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары арқылы өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз:

- msqory.kz ресми сайты;
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- Telegramдағы SaqtandyryBot.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың заманауи әдістері

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық азаматтардың өмір деңгейі мен әл-ауқатына тікелей әсер ететін, заманауи қоғамның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Әлемде бір де бір мемлекет сыбайлас жемқорлықты толығымен жойған жоқ, тек қана оның деңгейін төмендетуге болады. Бір қуантарлығы, біздің мемлекет аталған әлеуметтік зұлыммен белсенді түрде күресіп келеді, бұның жарқын дәлелі оны қысқарту үшін қабылданып отырған шаралар болып табылады.

Алдын алу шараларынан басқа, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету күшейтілді. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойы тыйым салынды.

Мысалы, бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам болашақта мемлекеттік мекемелерге тек басы лауазымға ғана емес, сонымен қатар әкімшілік персонал лауазымына да жұмысқа орналаса алмайды.

Сонымен қатар, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандар үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі алынып тасталды. Паракорлық үшін жазаны ең төменгі қауіпсіздік мекемесінде бірден өтеуге тыйым салынды.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілік институты енгізілді. Басшы өз қарамағындағылардың іс-әрекеттері үшін жауапты болады; олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының тіркелген фактілері профилактикалық жұмыстың әлсіздігін және басшылық тарапынан бақылаудың жоқтығын куәландырады.

Сыбайлас жемқорлық-терроризммен және елдің қорғаныс қабілетінің төмендеуімен қатар, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне аса маңызды қатерлердің бірі. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкімет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі бекер емес. Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты жою өмірдің барлық салаларына оң әсер етеді: Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және т. б.

Бұл кеселге қарсы тұру-елдің әрбір азаматының міндеті!

Т.Құламқадиров,
Шіркейлі ауылдық округі әкімі

Хабарландыру

«Строительно-транспортнаякомпания» ЖШС-сі «Офистік ғимараты бар темірбетон және металл өнімдерін сақтау қоймаларын кеңейту» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Строительно-транспортная компания»ЖШС-ның мекен-жайы: ҚР, Қызылорда обл., Қызылорда қ., Бейбарс Сұлтан к-сі, 48 ғим., байланыс телефондары: +7(778)5126338,БСН 110640016278,е-mail:eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kzaқпараттық жүйесінде 4 қыркүйек пен 10 қыркүйек (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады.

Қосымша ақпаратты: +7(771)5012674 телефоны бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «Строительно-транспортная компания»сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу«Охрана окружающей среды» к Рабочемупроекту «Расширение складов для хранения железобетонных и металлических изделий с офисным зданием»

Адрес ТОО «Строительно-транспортная компания»: РК,Қызылординская область, г. Кызылорда, ул.Бейбарыс Султан, ст-е 48,телефоны: +7(778)5126338, БИН 110640016278, е-mail:eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а такжеоставить замечания и/или предложения (включительно)на информационно системе ndbecology.gov.kz,

Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(771)5012674.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №187**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https:// ret-gazeta.kz/**